



Бекітілді: 
«Арқалық қаласы білім бөлімінің
№8 негізгі орта мектебі» КММ
педагогикалық кеңестің
төрайымы Серикбаева Т.А.
№ 1 педагогикалық кеңес 31.08.2022 ж.

Келісілді: 
«Арқалық қаласының білім
бөлімі» ММ бастығы
Е.Ж.Маметеков


**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы
білім бөлімінің № 8 негізгі орта мектебі» КММ**

**Мектепалды даярлық сыныптың
оқу жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылы

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы
білім бөлімінің № 8 негізгі орта мектебі» КММ
мектепалды даярлық сыныптың оқу жұмыс жоспарына
түсінік хат**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиелеу –білім беру қызметін мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі- Стандарт) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі- Үлгілік оқу бағдарламасы)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жыл 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»(ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137бұйрығы);


Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат –Нұр-Сұлтан қ. 2022ж.


2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалды. Ұйымдастырылған іс-әрекет –Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық,

педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл , танымдық , шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабақ түрінде жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне және музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация , ырғақты –музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен , салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым –қатынасты игерту жүзеге асырылады.

Бекітілді: 
 «Арқалық қаласы білім бөлімінің
 №8 негізгі орта мектебі» КММ
 педагогикалық кеңестің
 төрайымы Серикбаева Т.А.
 №1 педагогикалық кеңес 31.08.2022ж.

Келісілді: 
 «Арқалық қаласының білім
 бөлімі» ММ бастығы
 Е.Ж.Маметеков

Мектептің мектепалды сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлемді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	Күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат